



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Басты бағдар байыпталды

Астанада елді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерілетін Ұлттық Құрылтайдың «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым» атты жұмыс секцияларының отырыстары өтті. 2025 жылға арналған жұмыстың негізгі бағдарлары айқындалған бұл отырыста, сондай-ақ, Ұлттық Құрылтай мүшелерінің бастамалары мен ұсыныстарының орындалу барысы қаралды.



Сурет ашық дереккөзінен

Салтанат ІПНЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Секцияларға Президенттің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Руслан Желдібай, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек модератор болды. Одан бөлек, секциялардың жұмысына Оқу-ағарту министрі Гани Бейсембаев та қатысты.

Ұлттық Құрылтай төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің айтуынша, Ұлттық Құрылтайдың биылғы қызметінің негізгі бағыттары Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаңтар айында «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында және Үкіметтің кеңей-

тілген отырысында сөйлеген сөзінде айқындалған.

Мемлекеттік кеңесші жүргізіліп жатқан реформалардың маңыздылығына да тоқталды. Атап айтар болсақ, былтырдың өзінде жалпы құны 1,2 трлн теңге болатын 169 өндіріс іске қосылған. Нәтижесінде 14 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылғанын айту керек. Одан бөлек, 7 мың шақырым инженерлік-коммуникация желісі, 12 мың шақырым жол жөндеуден өткен және салынған.

Бүгінде Мемлекет басшысының бастамасымен және басшылығымен мемлекеттімізді дамытуды және ұлттық экономиканың негіздерін нығайтуды көздейтін аса маңызды реформалар жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр. Біз қазірдің өзінде бұл реформалардың нақты нәтижесін көріп отырмыз.

Елімізде инженерлік желілер мен коммуналдық шаруашылық нысандары барынша жаңартылып жатыр. Энергетика саласында ірі жобалар іске асырылууда. Барлық аймақта мыңдаған шақырым көлік және темір жолдарын жөндеу және салу жұмыстары қолға алынды. Бірқатар қалада әуежайдың ескі терминалы жаңартылып, жаңа терминал іске қосылды. Негізінен, мемлекет қолдауының арқасында ауыл шаруашылығы қызметкерлері рекордтық көлемде астық жинады. Тұрғын үй құрылысы, оның ішінде, әлеуметтік тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып келеді. Мемлекет тарапынан ғылым мен білімді қолдау үшін бұрын-соңды болмаған шаралар қолға алынды. Қоғамда педагогтердің, дәрігерлердің, ғалымдардың мәртебесі, жұмысшы мамандықтар-

дың абырой-беделі артып келеді. Жастарды тұрақты түрде қолдауға, бұқаралық спортты және креативті индустрияны дамытуға айрықша назар аударылып отыр. Мұның бәрі – басталған өзгерістер мен қол жеткізген жетістіктердің аз ғана бөлігі. Президент ұсынған бастамалардың көбісін жүзеге асыруға Ұлттық Құрылтай мүшелері зор үлес қосып келеді. Бұл – мемлекет пен қоғамның өзара тиімді ықпалдастығының бір көрінісі, – деді Ерлан Қарин.

Ұлттық Құрылтай секцияларының отырысына Қарағанды облысынан қатысқан «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, кеңес мүшесі Бекзат Алтынбеков діни оқу орындарындағы оқу бағдарламасы мемлекеттік деңгейде қадағаланса деген пікірін әрі ұсынысын білдірді отырыста.

Біздің ұстанымымызда дін мен салт-сана өзара үйлесім тауып сабақтасқан. Ол – біздің ерекшелігіміз. Дін – жалпы адамзат өркениеті мен мәдениетінің дамуына зор әсер тигізеді. Сондықтан, дінді ұстануда байыпты болу маңызды, – деді Бекзат Қомарұлы.

Ал, кеңес мүшесі Ләззат Қожахметова болса, әлеуметтік-экономикалық салаға қатысты ұсыныстарын білдірді.

Құрылтайда жеке адамның, жеке мекеменің мәселесі емес, мемлекеттік жүйеге, стратегияға қатысты сұрақтар көтеріледі. Қордаланған мәселелер заңдылық пен жүйе тұрғысынан ортақ сипат алса, оны Үкімет деңгейінде өзгерту қажет. Сонда жеке адамның да мәселесі шешіледі, – дейді ол.

Ләззат Таймырқызы Ұлттық Құрылтайдың ерекшелігі – айтылған ұсыныс міндетті түрде назарға алынып, аз уақытта шешімін табатындығында екенін айтады.

Төртінші Ұлттық Құрылтай наурыз айында Көкшетауда өтетінін айту керек.

• СҮЙІНШІ!

Бұлбұл есімі берілді

Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетіне жерлесіміз, аты аңызға айналған опера әншісі Күләш Байсейітова-ның есімі берілді. Бұл – Арқа жұртының мерейін тасытқан ортақ қуаныш.



Сурет ашық дереккөзінен

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін елордадағы аталған іргелі оқу орнына Күләш Байсейітованың есімін беру туралы шешімді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдағанын атап өткен жөн. Бұл туралы Президент былтыр мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімінде айтқан еді.

«Мемлекеттік қайта тіркеу рәсімі аяқталғаннан кейін оқу орнына «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» атауы ресми түрде берілді. Бұл маңызды оқиға Күләш Байсейітованың ұлттық мәдениет пен қазақ өнеріне қосқан зор үлесін

айшықтап, оның мол мұрасын жас ұрпаққа дәріптеудің айқын көрінісі болды», – делінген Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми хабарламасында.

Күләш Байсейітова – қасиетті Арқа топырағында Алтын бесік Ақтоғай өңірінің тумасы. Қазақтың әйгілі әншісі (лирика-колоратуралық сопрано), қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам қайраткері. КСРО Халық артисі (1936). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қазақ ән өнері мен театр өнерінің өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосып, бірқатар ірі қойылымдарда классикалық туындыларды шебер орындаған сирек кездесетін дауыс иесі.

• РЕСМИ

Балаңыздың шотын бақылаңыз

Кәмелетке толмаған балалардың жеке шотына «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында түскен қаржысы жөнінде eGov.kz порталы мен eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы тексеруге болады.

Баланың ата-анасы немесе заңды өкілі есептелген қаражатты бірнеше тәсілмен тексере алады. eGov.kz электрондық үкімет порталының жеке кабинетінде орналасқан «Цифрлық құжаттар» бөлімінде және eGov Mobile мобильді қосымшасындағы «Цифрлық құжаттар» сервисі және kids.enpf.kz сайты арқылы.

Мамандар тұрғындар тарапынан балалар туралы деректердегі қателерді қалай түзетуге болатыны жөнінде көп сұрақ жолданатынын айтады.

Бала туралы мәліметтер қате көрсетілсе, тиісті цифрлық құжатты ашып, жоғарғы оң жақтағы үш нүктені басу керек. «Қате туралы хабарлау» батырмасын таңдап, «Балалар туралы мәліметтерді өзектендіру» сервисіндегі форманы толтыруы тиіс. Сондай-ақ, туу туралы куәлікті тіркеп, өтінім жіберуді ұмытпаған жөн.

Жауап 2-5 жұмыс күні ішінде қаралады.

Сонымен қатар, Ұлттық қордан есептелген қаражат туралы ақпаратты алуға бала туралы деректерді қалай қосуға болатынын да білген жөн.

Қосымшада бала туралы ақпарат жоқ болса, оны қосу үшін «Цифрлық құжаттар» бөліміне өтіп, «Отбасы» бөлімін таңдау қажет. «Баланы қосу» батырмасын басу арқылы форма толтырылып, туу туралы куәлік тіркеледі. Бұған да 2-5 жұмыс күні аралығында уақыт қажет.

Егер eGov.kz порталындағы жеке кабинеттен балалар туралы мәліметтер жоғалып кетсе, актуалды мәліметтерді алу үшін eGov Mobile мобильді қосымшасын пайдаланған дұрыс.

Өз тілшімізден



• ӨЗЕКТІ

Үй аларда нені ескеру керек?

Қарағандыда құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу үшін рұқсат құжаттары бар салынып жатқан үйлердің тізімі шықты. Бүгінгі таңда қалада 57 көппәтерлі тұрғын үй салынуда, оның ішінде 48 үйдің барлық рұқсат құжаттары бар.



Сурет ашық дереккөзінен

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кеткен жөн, қосымша 4 көппәтерлі тұрғын үй кешенінде құжаттардың толық пакеті болғанымен, құрылыс жұ-

мыстары тоқтатылды. Ал, тағы 3-еуінде әзірге рұқсат жоқ және 2-еуін ұзақ құрылыс жұмыстары күтіп тұр. Алайда, салынып жатқан кешенді тұрғын үй тізбесінде пайдалануға берілген, әкімдік беретін үлескерлердің қаражатын тартуға

рұқсаты бар тұрғын үй кешендері жоқ.

Алдағы уақытта үлескерлердің қаражатын тарту үшін тұрғын үй-құрылыс кооперативтері (ТҮКК) құрылады. Бұған заңмен тыйым салынбағандықтан, бұлар кешенді тұрғын үй құрылысының аяқталу мерзімдері туралы 100% кепілдік бермейді. Мұндай кооперативтер «Жилой фонд» ТҮКК (барлық нысандар) және «Comfortniy Gorod» («Новый Город-2» ТК, «Новый Город-3» ТК, «Британский Комфортный Квартал» ТК) құрылыс компанияларында құрылған.

Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы тұрғындарға жылжымайтын мүлікті сатып алмас бұрын мұқият болуды ескертеді. Үлестік құрылыс туралы қолданыстағы заңнаманы айналып өту кезінде жасалған барлық мәмілелер жарамсыз. Оларға алдын ала брондау шарты, инвестициялау шарты, талап ету құқығын беру шарты жатады.

Ал, құрылыс салушыларға Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңнамасында тиісті рұқсатсыз үлескерлердің қаражатын тартуға тыйым салынады. Бұл ретте Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 320-бабы, сондай-ақ, Қылмыстық кодекстің 214-бабы бойынша кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысқаны үшін жауапкершілік көзделген.

Құрылыс саласына қатысты толық ақпаратты облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасынан, сондай-ақ, Қарағанды қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімінен (42-11-76, 42-12-65) білуге болады.

Инновация игілігі – халық үшін

Облыста Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын атап өтуге арналған 50-ден астам ірі іс-шара ұйымдастырылмақ. Бұл туралы облыс әкімінің кезекті аппарат жиынында айтылды. Сондай-ақ, облыс әкімдігінде жол инфрақұрылымын дамыту, «Ақылды бағдаршам» жүйесін енгізу және таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері қоса қаралды. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев барлық бағыттар бойынша сапалы әрі тиімді жұмыс жүргізуді тапсырды.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын кең көлемде атап өтпек. Мерейтойға арналған форумдар, конференциялар, фестивальдар, қайырымдылық акциялар сынды 50-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Мереке шымдылығы 1 наурызда, Алғымс айту күні ашылады. Мұнымен бірге қайырымдылық кеңесі де бастау алады. Мақсаты – әлеуметтік жобаларды қолдау, мұқтаж жандарға көмек көрсету.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын мерекелеу Мемлекет басшысының Ұлттық Құрылтайда жарияланған «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» бастамасы және қабылданған республикалық тұжырымдама шеңберінде өткізілетін болады. Облыста 50-ден астам ірі имидждік іс-шараларды қамтитын жоспар әзірленіп, бекітілді, – деп



баяндады аппараттық кеңесте облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов.

Ал, сәуір айында облыстық ҚХА кеңейтілген кеңесі, мамыр айында ҚХА сессиясы жоспарланған. «Өнерім саған, Қазақстан!» атты этностар фестивалі ұйымдастырылады. Мерейтойлық датаға арналған тақырыптық мурал идеясын «Жастар ассамблеясы» өңірлік өкілдігінің белсенділері ұсынды. Қарағандылықтар республикалық меценаттар форумына, ҚХА көшбасшылар мектебіне, республикалық ҚХА аналар кеңесіне қатысады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барлық жерде ҚХА жетістіктері, бірлік пен толеранттылықты қалыптастырудағы бірегей қоғамдық институттың рөлі туралы баса назар аударып айту қажеттігін атап өтті.

Бұл жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын атап өтетін жыл. Бірқатар нақты міндеттерді көздейтін мерекелеу тұжырымдамасы әзірленді. Барлық қалалар мен аудандарда тұрғындарды мерейтойлық іс-шараларға жұмылдыра отырып, сапалы жұмыс жасалуы тиіс, – деп атап өтті өңір басшысы.

Аппарат жиынында жол мәселесі де таразыланды. Мәселен, былтыр 1 032 шақырым автомобиль жолдары жөнделді, оның ішінде, республикалық маңызы бар – 461 шақырым, облыстық маңызы бар – 178 шақырым, қалалар мен аудандарда – 393 шақырым. 2024 жылы облыстық маңызы бар 178 шақырым автожол жөнделді. Облыстың ішкерідегі жолдарында «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын іске асыру ой-дағыдай жалғасуда. Биыл ауылдық

елдімекендерде, кентішілік әрі кірме жолдарда көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында жалпы ұзындығы 110 шақырым болатын 7 аудан, 24 елдімекен қамтылатын болады.

Қарағандыда наурыз айында бағдаршамдарды жасанды интеллект толығымен басқаратын болады. Бұл жол кептелістерімен күресуге және трафикті жақсартуға көмектеседі. Жүйені енгізу барысы туралы қала әкімі Мейрам Кожухов баяндады.

Наурызда «Ақылды бағдаршам» жүйесін енгізуді толығымен аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бүгінде барлық қажетті жабықтар бар. Қазір оны монтаждау және бағдаршамдарды жасанды интеллектпен үйлестіру үдерісі жүріп жатыр, – деп хабарлады Мейрам Кожухов.

Жаңа жүйе көлік ағынының



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

қарқындылығын ескере отырып, қиылыстардағы қозғалысты реттейтін болады. Осылайша автокөлік иелері жол жүру уақытын қысқарта алады.

Өз кезегінде өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жұмысты жеделдетуді тапсырды. Қарағандыда жасанды интеллект көмегімен жолдағы шұңқырларды да анықтамақшы. Қанатқакты режимде жол жабынын сараптау жүйесінің жобасы іске асырылуда.

Команда бағдарламаның нобайын әзірледі. Алынған ақпарат картада көрсетіледі. Жоба бойынша гипотезаны тексеруге жеке инвестиция құямын деушілер де табылды, – деді облыстық ақпараттық жобаның басшысы Константин Ильинский.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы шеңберінде бес жыл ішінде қалалар мен ауылдардың 100% таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырды. Өткен жыл қорытындысы бойынша ауыл халқының ауыз суға қол жеткізуінің 97,9% көрсеткішіне қол жеткізілді. Ағымдағы жылы ауылдық елдімекендерді сумен жабдықтау бойынша 7 жобаны іске асыруға 1,6 млрд теңге бөлініп, 27,6 шақырым су құбыры желілерін салу жоспарланған.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАЛАПҚЕР – 2025

Көкжиегі кең көрме

Мемлекет басшысы Қазақстанды Орталық Азияның білім беру хабына айналдыру үшін елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу маңыздылығын атап өтті. Бастама аясында Қарағандыда шетелдік университеттер филиалдарының көрмесі өтті. Ол мектеп түлектерімен кәсіби бағдарлау жұмысына көмектесуге арналған.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары өңірлердің қандай да бір мамандарға деген қажеттіліктерін ескере отырып ашылады.

Қазіргі уақытта 23 шетелдік университетпен стратегиялық серіктестік орнатылды. Тағы 11 жоғары оқу орнымен келіссөздер жүргізілуде. Бұл – қазақстандық жастар үшін жаңа әлеует. Өйткені, мұндай ЖОО-да білім беру халықаралық стандарттарға сай келеді. Оған қоса мемлекеттік гранттар да қолдау көрсетеді. ҰБТ және осы университеттердің түсу емтихандарын тапсыра отырып, қалаған мамандығы бойынша оқи алады. Биыл филиалдар базасында оқуға 2000 грант бөлінді. Бұл келесі оқу жылында да жалғасуда, – деп атап өтті Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев.

Көрме оқушылар мен олардың ата-аналары арасында қызығушылық тудырды.

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Агломерация: қауымдаса дамудың қазығы

Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың басшылығымен өткен кезектен тыс XXII сессияда халық қалаулылары Қарағанды агломерациясын дамытудың 2025-2029 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасын мақұлдады. Кешенді жоспар Қарағанды агломерациясын дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік және жергілікті мүдделерді ескере отырып, теңгерімді өңірлік саясатты іске асыруға бағытталған. Атап айтқанда, стратегиялық маңызды құжатта аймақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықтың әл-ауқатының артуына әкелетін барлық қадамдар егжей-тегжейлі сипатталған.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаеваның айтуынша, 1 трлн 52,3 млрд теңге сомасына 198 іс-шараны көздейтін Кешенді жоспардың жобасы өткен жылы мәслихаттың қарауына енгізілген. Бұл ретте құжатта көзделген жобаларды жүзеге асыруға республикалық бюджеттен – 136,9 млрд теңге, жергілікті бюджеттен – 179,2 млрд теңге қарастырылғанын айту керек. Одан бөлек, жеке инвестициялардан – 736,2 млрд теңге бар.

Орталығы Қарағанды қаласы болып табылатын Қарағанды агломерациясы елдімекендерінің қолданыстағы тізбесіне Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай қалалары, Ақтау, Ақтас, Шахан, Долинка, Новолинский кенттері, Абай ауданының 5 ауылдық округі, Бұқар жырау ауданының 17 ауылдық округі, Осакар ауданының 1 ауылдық округі кіреді. Жалпы ауданы 7,7 мың шаршы шақырым

Елдің орталық бөлігінде және Еуразия құрлығының орталығында орналасқандықтан, Қарағанды агломерациясы Орталық Қазақстанның дамуы үшін үлкен маңызға ие.

болатын 33 елдімекен бар, – дейді Татьяна Аблаева.

Кешенді жоспардың мақсаты агломерацияны әлеуметтік-экономикалық тұрғыда орнықты дамуына азаматтық құрылыс, көлік және оларды шешу жолдарын анықтау.

Елдің орталық бөлігінде және Еуразия құрлығының орталығында орналасқандықтан, Қарағанды агломерациясы Орталық Қазақстанның дамуы үшін үлкен маңызға ие. Ыңғайлы геоэкономикалық жағдай облыстың полимагистралды көлік жолдарын республиканың солтүстігімен және оңтүстігімен байланыстырады және Қытай мен Ресейге тікелей шығатын өнеркәсіптік-көлік торабының бөлігі.

Одан бөлек, Қарағанды агломерациясында 2,2 трлн теңгеге өнеркәсіп өнімінің – 64,8%-ы, 1,8 трлн теңгеге өңдеуші өнімнің – 70,4%-ы, 71,1 млрд теңгеге ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің – 14,6%-ы өндіріледі. Ал, 66,96 мың гектар егіс алқабының 5,4%-ы – агломерация үлесіне тиесілі.

Жалпы, Қарағанды елдің орталық өңірінде өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық нысандарын орналастыру үшін болашағы зор аймақ.

Агломерацияны дамыту ірі қалаларға қысымды төмендетеді, жолдар мен қалалардың ортақ қазастандық желісін және қоныстанудың тірек қаңқасын қалыптастырады. Сондай-ақ, бұл орталық

қала мен іргелес елдімекендер арасындағы халықтың өмір сүру деңгейінің теңгерімсіздігін азайтуға ықпал етеді, – дейді Татьяна Юрьевна.


Ауыл шаруашылығы саласы – агломерацияны дамытудың стратегиялық жоспарын іске асырудағы басым бағыттардың бірі. Агломерация аумағы арқылы Нұра өзені, Қаныш Сәтбаев атындағы канал өтеді. Шерубайнұра, Самарканд, Федоров су қоймалары бар. Сондай-ақ, шахта қазбаларының нәтижесінде жердің шөгуді салдарынан пайда болған ұсақ су қоймалары бар. Ал, агроөнеркәсіптік кешен

фрақұрылымдық дамуының проблемалық мәселелері анықталады. Сондай-ақ, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту және өндіріс пен инфрақұрылымға жеке капиталды тарту арқылы инвестицияларды ынталандыру қажет.

Құжатқа Қарағанды агломерациясының құрамына кіретін елдімекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйі, коммуналдық, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, денсаулық сақтау жүйесі, аба-тандыру, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін бағалау кіреді. Одан бөлек, білім беру, өнеркәсіп және

су құбыры, кәріз және газ құбыры желілері егжей-тегжейлі жоспарланған. ІТ-кластерін құру, жаңа өндірістер ашу, супермаркеттер мен мейрамханалар салу, агроөнеркәсіптік кешенді, тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын дамыту, өрт сөндіру қызметін жабдықтау және тағы басқалар да бар. Барлық жерде нақты мерзімдер мен сомалар көрсетілген, – дейді Татьяна Юрьевна.

Басқарма басшысының айтуынша, кешенді жоспарды әзірлеу кезінде Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті 2023 жылы жүргізген ғылыми-талдамалық



саласында 59 ЖШС және 1 961 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Ірі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер саны – 25.

Қарағанды агломерациясында жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес нысандарының саны 75 мыңнан асады. Ал, олардың өнім шығару көлемі – 2 триллион теңге.

Кешенді жоспардың мақсаты – тұрақты әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамыған агломерацияларды қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын арттыру. Ол үшін елдімекендердің аумақтық және ин-

Кешенді жоспарда бірыңғай қала құрылысы саясаты, жолдарды күрделі жөндеу және трамвай жолдарын қалпына келтіру, жаңа мектептер мен емханалар салу, жаңа су құбыры, кәріз және газ құбыры желілері егжей-тегжейлі жоспарланған.

тұтыну нарығын дамыту да бар.

Кешенді жоспарда бірыңғай қала құрылысы саясаты, жолдарды күрделі жөндеу және трамвай жолдарын қалпына келтіру, жаңа мектептер мен емханалар салу, жаңа


зерттеуі пайдаланылған. Құжат мұқият зерделенген кейін облыстық мәслихат депутаттары өзгертілген даму жоспарын бекітті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖАСТАР ТӘЖІРИБЕСІ

Арманды қанаттандырар жоба

Биыл аймақтағы колледждер мен жоғары оқу орындарының 429 түлегі «Жастар тәжірибесі» жобасы бойынша жұмысқа жолдама алды. Жоба аясында бюджет қаражаты есебінен 872 адамды қамту жоспарланған.



Сурет обьекте анықталып кетті

Жәлел ШАҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған жобаға Еңбек ұтқырлығы орталығында немесе Мансап орталықтарында ресми тіркелген жұмыссыздар жұмысқа орналастырылады. Ал, мемлекет қолдауын пайдалануға 35 жасқа дейінгі тұлғаларға диплом алған мамандар құқылы.

Жұмыстың ұзақтығы 12 айдан аспайды. Жалақы мөлшері кемінде 30 айлық есептік көрсеткішке тең. Бұл – 117 960 теңге. Жолдаманы тұрғылықты жері бойынша Мансап орталығынан алу керек.

Бұл жобаға қатысушылардың бірі – 23 жастағы Хансұлтан Мақсатұлы. Ол Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетін 2023 жылы бітірген.

– Мамандығым тау-кен және пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты. Жоғары оқу орнын бітірген соң өкінішке қарай, мамандығым бойынша жұмыс таба алмадым. Ата-анама масыл болмау үшін азықтүлік дүкеніне орналасып, бір жылға жуық жұмыс істедім. Алайда, үнемі мамандығыммен жұмыс істеуді армандап жүрдім. Сонша жыл бекер оқыдым ба? «Жастар тәжірибесі» жобасы арқылы өз мүмкіндігімді жіберіп алмауға бел будым, – дейді ол.

Хансұлтаннның айтуынша, ол былтыр қыркүйек айынан бастап, «QazaqGaz Aitap» АҚ ҚӨФ өндірістік-техникалық бөлімінде жұмыс істеп келеді.

– Жалақымы уақытында аламын, барлық әлеуметтік төлемдер жүргізілуде. Өзімді жақсы көрсетіп, үлкен команданың құрамында боламын деп үміттемін, – дейді жас маман.

«Мың тағзым саған, ардагер!»

Үкімет биыл Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу қарсаңында «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» Республикалық жоспарын бекіткен болатын. Осы мақсатта облыс әкімдігінде дөңгелек үстел өтті. Жиын барысында өңірде өткізілетін іс-шаралар пысықталып, мәселелер талқыланды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, соғыс жылдарында Қарағанды облысынан майданға 45 мыңға жуық адам аттанды. Алты мыңнан астам қарағандылық Ұлы Отан соғысындағы ерлігі мен батырлығы үшін ордендермен және медальдармен марапатталды. Ал, 18 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған. Бүгінде аймақ бойынша тоғыз соғыс ардагері ғана қалды. Биыл ҰОС қатысушыларына бес миллион теңгеден бір реттік материалдық көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, өңірде соғыс ардагеріне теңестірілген 2 340 ардагер бар. Мереке қарсаңында өңірлерде бюджеттен тыс материалдық көмек көрсетіп, түрлі қайырымдылық акциялар өткізу көзделген. Ал, әлеуметтік төлемдер сәуір айының соңына қарай түседі деп күтілуде.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу ерекше орын алады. Біздің әкелеріміз бен аталарымыз майданда жан алып, жан берді. Армияны қару-жарақпен, өнеркәсіптік тауарлар мен азықтүлікпен қамтамасыз етуде тыл еңбеккерлерінің орасан еңбегі сінді, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.



Ұлы Жеңіске - 80 жыл



7-9 мамырға қарай мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылмақ. Сонымен қатар, дәстүр бойынша мамыр айында облыс әкімі Отан соғысы ардагерлері мен оларға теңестірілгенді қабылдайды.

Ал, аймақтағы мәдениет және өнер мекемелерінде мереке аясында 40-тан астам іс-шара жоспарланған. Музей және кітапханалардың тақырыптық көрмелері, мерекелік концерттер, байқаулар, конференциялар ұйымдастырылады.

Мерекелік іс-шара 9 мамырда Тәуелсіздік алаңында өтеді. Бұқар жырау даңғылы, яғни, Назарбаев көшесінен Н.Әбдіров даңғылына дейінгі аралықта көлік қозғалысы уақытша жабылады.

– Жолдың екі жағында әскери шатырлар, дала асханалары орнатылады. Әр шатырда ардагерлер мен қонақтарға арнап әскери-далалық ас мәзірі мен концерттік бағдарлама ұйымдастырылады. Сондай-ақ, Бұқар жырау даңғылы бойында мерекелік сауда орындары жұмыс істейді. Алаңда біріккен үрмелі оркестр соғыс жылдарындағы танымал музыкалық шығармаларды орындайды, – деді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов.

Сурет ұйымдастырушылардан

Өткенге өлшем, болашаққа бағдар



Қуатты өңір

Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында БАҚ өкілдеріне брифинг өткізді. Онда аудан басшысы өңірдің әлеуметтік, экономикалық дамуы, мемлекеттік бағдарламалардың орындалысы туралы баяндады. Сонымен қатар, аудан тұрғындарын алаңдатқан бірқатар мәселелерге қатысты пікірін жеткізіп, алдағы жоспарымен бөлісті.



Сурет ашық дереккөзінен

тындыларын шығарып, өткенге өлшем, келешекке болаң жасамақпыз. Өндіріс саласынан бөлек, ауданның мал шаруашылығымен ежелден аты шыққан, ата кәсіпті дамытушы өңір ретінде жұртқа жақын таныс.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласына мемлекеттік қолдау көрсетіліп, түліктің саны мен сапасын арттыруға мол мүмкіндік жасалып отыр. 2024 жылы барлығы 299 шаруа қожалығы 322 миллион теңге субсидия алынаса, 2025 жылғы жоспар 350 миллион теңгеден асыру жоспарымызда бар.

Шағын кәсіпкерлік те қарқынды дамып келеді. Былтыр 14 әлеуметтік нысан 157,5 миллион теңгеге ашылып, 16 жаңа жұмыс орындары құрылды. 8 жас кәсіпкер аудан әкімінің 5 миллион теңге кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы аясында 10 қатысушы 14,8 миллион теңге мемлекеттік гранттар иеленді. Кәсіпкерлерді қолдау гранттары арқылы ауданға инвестиция тарту жұмыстары биыл да жалғасын табады. Мәселен, 2025 жылы ауданда 7 жаңа әлеуметтік нысан ашатын боламыз. 98,5 миллион теңге қаржы қарастырылып, жаңадан 17 жұмыс орнымен қамту жоспарлануда, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов.

Абылай Базылулының айтуынша, тұрғын үй құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Өткен жылы жалпы аумағы 10,2 мың шаршы метрді құрайтын 107 пәтерлік 13 тұрғын үйдің құрылысы аяқталған. Нәтижесінде 129 пәтердің кілті табысталып, 323 адам баспаналы болған.

Биылғы жылы аудан орталығында жаңа шағын ауданға 12 пәтерлік бір тұрғын үй және қос пәтерлік 20 тұрғын үй құрылысын, сондай-ақ, Сарышаған кентінен 36 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысын бастау, Шаншубай кентіндегі 70 пәтерлік көпқабатты үйді қайта қалпына келтіру жоспарда бар. Сонымен қатар, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында 9 елді мекенде медициналық нысандардың құрылысы аяқталмақшы. Аудандық маңындағы Қызыларай және Бектауға жолдарын орташа жөндеуді бастауға 400 млн теңге қаржы қарастырылған. Туризмді дамыту мақсатында жекелеген ауданнан шыққан инвесторлармен екіжақты келісімдер жасау жалғасын таппақ.

• ТУРИЗМ

Үздік бестікке ілікті

Kazakh Tourism «Үздік туристік ауыл – 2025» ұлттық байқауының қорытындысы бойынша үздік туристік бес ауылдың тізімін жариялады. Нәтижесінде, Ақтоғай ауданына қарасты Шабанбай би ауылы туристер үшін ең үздік ауылдардың қатарына енді.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Kazakh Tourism мәліметінше, облыс әкімдіктеріне байқауға өңірден үш ауылды ұсынуға мүмкіндік берілген. Қатысушыларды іріктеу кезінде табиғи және мәдени ресурстарға, елді мекендердегі дәстүрлі қызмет түрлерінің сақталуына ерекше көңіл бөлінді. Байқау қорытындысы бойынша Қазақстанның үздік 5 туристік ауылы анықталған.

Деректерге сүйенсек, бүгінгі Шабанбай би ауылы 1928 жылы Тоқырауын ауданы, Шылым ауылы болған. 1930 жылы, Қоңырат ауданы, Амангелді селолық советі болып өзгерген, яғни Амангелді селолық кеңесі болып аталса, 1963 жылы құрылымы өзгеріп, Ақтоғай селолық округі, Қаратал совхозы болып өзгертіледі. Мұнан соң, 1994 жылы 5 қаңтардағы халықтың жалпы жиналысының №1 хаттамасы негізінде Қаратал совхозы Шабанбай би селолық округі болып қайта өзгертіледі. Осы жылдан бастап, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылдық округі, Шабанбай би ауылы.

– 2009 жылы жеті қонақ үйі тіркел-

ген. Олардың бірі – 2014 жылы салынған «Сұлутас» қонақ үйі. Жетекшісі – Раушан Дүйсенбекова. Ауылға айына 15-20 турист келеді. Ал, қысқы уақытта 2-3 адамнан ғана келеді. Жылына 200-220 турист қабылданады. Шетелдіктер ғана емес, қазақстандықтар да келіп, қонақ үйлерге тоқтайды. Бұл манның табиғаты өте сұлу. Тарихи орындар да баршылық. Дауыс беру жабық түрде өткен. Сондықтан, қандай критерийлерге сүйенгенін деп басып айта алмаймыз, – деді Шабанбай би ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Мейрамгүл Қапашова.

Сонымен қатар, байқау қорытындысы бойынша Лепсі (Жетісу облысы, Алақол ауданы), Нағи Илиясов (Қызылорда облысы, Сырдария ауданы), Хан Ордасы (Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы), Поперечное (Шығыс Қазақстан облысы, Риддер ауданы) үздік деп танылған. Ұлттық кезеңнің жеңімпаздары БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымы (UNWTO) өткізетін UN Tourism Best Tourism Village халықаралық байқауында елімізді таныстырмақ.

Сурет

Шабанбай би ауылдық округі әкімі Әлібек

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• ӨНЕР

Ауылға кино барады

Қазақ киносының онкүндігі Қарағандыдан басталды. Ұлттық киноны қолдау орталығы мен «Қажымұқан» киносының шығармашылық ұжымы жұма күні «Сарыжайлау» кинотеатрында көрерменімен қауышты. Онкүндіктің олжасы – қазақ кинолары ауылға барып, тегін көрсетілуінде.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл қазақ киносының көші Мәдениет және ақпарат министрлігі және Кино орталығының қолдауымен жолға шықты. Көрермен назарына отандық бірнеше фильм ұсынылады.

– Көрсетілмді Қарағанды облысынан бастауымыздың өзіндік сыры бар. Бұл аймақ – өндірістің қайнаған ортасы. Биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Сол себепті де, ауқымды шараны осы аймақтан бастауымыздың символикалық мәні бар. Қарағандыдан бастап, еліміздің әр бұрышында қазақ киносының күндерін өткізу отандық кинематографияны ілгерілетуге серпін сыйлайды деп білеміз. Себебі, әрбір фильмнің ең басты жеңісі – оның өз көрерменін табуы. Біздің мақсатымыз да ұлттық киноны халық назарына ұсыну, – дейді Кино орталығының Басқарма төрағасының киножобалар мониторингі жөніндегі орынбасары Әділет Омаров.

Ұйымдастырушылар отандық киноның көкжиегін кеңейтіп жүрген қазақстандық киногерлердің жетістігін ел-



жұрт білсе дейді. Осылайша аудан-қала мен шалғай ауылдағы ағайын қазақ кинематографиясының ел тарихы мен мәдениетін айшықтайтын үздік фильмдерімен қауышады.

Бұған дейін Кино орталығының қолдауымен 117 картина жарыққа шықты. Оның 72-сі – көркем, 37-сі – деректі, 8-і – анимациялық фильмдер. Айналымға шыққан туындылардың да қатары көбейіп келеді.

«Кино күндері аясында көрсетілетін «Қажымұқан» ұлттық рухымызды асқақтатса, «Жамбыл. Жаңа дәуір», «Дос-Мұқасан» фильмдері арқылы тұлғаларымыздың жүріп өткен жолына қанығады. «Операция Набат», «Время патриотов»

құқық қорғаушыларымыздың еңбегін паш етіп, Отанға деген сүйіспеншілікті арттырады. «Боксер» фильмінің басты прототипі жерлестеріміз Серік Сапиев екенін де айта кету керек. «Бауырына салу» деп аталатын кинода дәстүріміз дәріптеледі. Кішкентай көрермендерге арналған «Тайқазан» деп аталатын анимациялық фильм де назарларыңызға ұсынылады. «Алматы, я люблю тебя!», «Сонғы үкім», «Дала қасқыры», «Стоп, ночь!», «Шулама» фильмдерінің де айтар ойы бар. Биыл тағы оннан аса туынды прокатқа шығады деп жоспарлануда, – дейді Ә.Омаров.

«Сарыжайлау» кинотеатрында Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Ұлттық

киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген «Қажымұқан» киносы көрсетілді.

Режиссер Қанағат Мұстафин тарихи фильм сценарийіне 2012 жылы кірісіп, тақырыпты 10 жылдан аса зерттепті. Түсірілімі 2020 жылы басталған кино-туынды бытыр көрермен назарына ұсынылған еді.

«Осы бір фильмді түсіру үшін көп жүгірдім. Қолдау таппадым. Сөйтіп жүргенде отандық киноны қолдау орталығы ашылды. Бірден сценарийімді алып барып, қорғап шықтым. Қажымұқан ағамыздың тағдыры қандай қиын болса, киноны да түсіру ауыр болды. Еліміздегі прокаты аяқталды. Енді Ресейде көрсетіледі. «Борец. Қажымұқан – чемпион мира» деген атаумен. Өзбекстан мен Қырғызстанда дубляж жасалып жатыр», – дейді фильм режиссері.

Басты рөлдерді ағайынды Ербол мен Диас Төлепберген сомдап шығады. Балауанның жас кезін сомдаған Диас та Қарағандыға арнайы келді. Жас актер ағасы екеуі 1,5 жыл бойы мамандар әзірлеген рационмен тамақтанғандығын айтты. Тіпті, ет жеуге шектеу қойылыпты. Бұл-шық етін өсіру үшін бодибилдингпен айналысып, жаттығу залында тер төккен. 2,5 ай каскадерлік тәсілдерді үйреніп, фильмде дублерсіз барлық қимылдарды өздері жасап шыққан.

Көрсетілм соңында кинотеатр директоры Саят Әбдіғали меймандарға сыйнап жасап, құрмет көрсетті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КЕШ

Күй болып күмбірлеген кие

Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігі Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі, дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ұстаз Абуғалисын Шоқанбаев биыл 70 жаста. Мерейтойына орай «Шалқыма» концерт залында концерт өтті. Концертте әлемдік және қазақтың классикалық әуендері орындалды. Бармаған жұрт арманда болған кеш өтті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Даңқы аспандап тұрған Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің жарық жұлдызы, «локомотиві» – Абуғалисын Шоқанбаев. Ол

қуш-қайратын, талап-жігерін Арқаның күйлерін, әндерін жинақтап, нотаға бауға арнаған қайраткер тұлғаға айналғалы қашан. Атқарған еңбектері турасында газетіміздің алдыңғы санында жарияланған «Тылысмың тілін ұққан жүрек иесі» деген портреттік мақаламызда жазған едік.

Талантты дирижер Абуғалисын Шоқанбаев концерттің кереметін айтайық.

Академиялық концерттердің бір ерекшелігі – мұнда құттықтау сөзге орын жоқ. Мерейтой иесін мақтасып деп сахнаға он шақты адамды алдыртып, сөз сөйлетіп, қазақшылыққа салынбайды. Төрге тек классикалық әуен шығады. Оркестрдегінің ешқайсысы мақтау сөзге, берілер бағаға зәру емес. Абуғалисын Шоқанбаев та академиялық деңгейден түскен жоқ. Өнердің құнын, қадірін білетін шын өнерпаз. Сахнада жүргізушіден басқа ешкім бір ауыз сөз айтпады.

Концерттің шымылдығы Құрманғазының «Серпер» күйімен басталды. Дирижер мінберінде – мерейтой иесі. «Шалқыма» концерт залын лық толтырған тыңдарман дирижер шыққанда дүркін-дүркін қошемет көрсетті. Бұл эстрада, немесе, жеңіл эзіл мен бұралқы әнгіменің кеші емес. Бұл – академиялық концерт. Қарағандыда классиканы бағалайтын жандардың көптігіне қарап, көңілге қуаныш ұялады. Күй басталғанда, зал демін ішке тартты. Арқа шымырлап, бір алапат қуат кеуденді бірде сипап, бірде дүлей дауылдай сокқылап сала берді. Дирижер де оркестрмен біте қайнасып кеткендей. Мінберде 70 жасқа толған Абуғалисын Шоқанбаев емес, қылшылдаған жап-жас жігіт тұрғандай. Оркестрден тараған асау толқындармен бірге тербеледі. Тәттімбеттің «Сылқылдағы», Токаның «Сарыжай-

лауы» орындалды. Шәмші Қалдаяқовтың көп орындала бермейтін әйгілі «Шолпаны Шығыстың» әнін Рихат Шабденов шықарды. Оркестрмен, тіпті, құлпырып кетеді екен, шіркін! Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов, Гүлмира Тапай, Мәдениет саласының үздігі Медет Осатаев, Рысты Рақымжан секілді талантты әншілер халық әндері мен әлемдік деңгейдегі туындыларды орындады. Әйгілі Россини Джоаккиноның «Севиль шаштаразы» операсынан «Фигаро каватинасын» Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Амантай Ибраев әуелетті.

Арам Хачатуряның «Гаяне» балетінен «Жігіттер биі» оркестрмен орындалды. Залдағы тыңдарман үшін аяулы сәттердің бірі болды. Абуғалисын Шоқанбаев дирижер мінберінде тұрып билей өнер көрсетті. Биінен, жүзіндегі күлкісінен өнер адамына тән тазалық, аңғалдық аңғарылды. Пейлі мен көңілі көзінен нұр шашты.

Концерттің соңында ғана Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова бастаған зиялы қауым өкілдері сахна төріне шығып, мерейтой иесін құттықтады. Иығына шапан жапты, сый-сияпаттарын табыстады.

Сурет Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің баспасөз қызметінен

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

Жерлестерге сенім артамыз

7-14 ақпан аралығында Қытайдың Харбин қаласында ІХ қысқы Азия ойындары өтеді. Оған Қазақстанның 10 өңірінен 138 спортшы қатыспақ. Отандастарымыз алты спорт түрінен 10 дисциплинада өнер көрсетіп, 51 медаль жиынытығын сарапқа салады. Бұл қатарда қарағандылық биатлоншы Владислав Киреев пен ерлер арасындағы шайбалы хоккейден ұлттық құрама сапында Александр Борисевич пен Андрей Буяльский де бар.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Күні кеше Астанадағы Qazaqstan жеңіл атлетикалық спорт кешенінде ұлттық құраманы Азия ойындарына шығарып салу рәсімі өтті. Іс-шараға Туризм және спорт



министрі Ербол Мырзабосынов пен Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің Бас хатшысы Әлімжан Ақсаев арнайы қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар, хоккейші Әділ Бекетаев пен

шорт-трекші Ольга Тихоноваға Қазақстанның Туын табыстады.

Жерлесіміз Владислав Киреев – облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі

мектебінің» оқушысы, әлемдік додаларда жоғары нәтиже көрсетіп жүрген спортшы. Мәселен, 2021 жылы Қырғызстанда өткен жазғы биатлоннан Азия чемпионатында қысқа арақашықтық бойынша (спринт) өнер көрсетіп, I орын иеленген болатын. Сонымен қатар, дәл осы турнирде ортақ сартты жарыс (масс-старт) бойынша бақ сынап, жүлделі III орын еншілеген еді. 2022 жылы Қытайда өткен XXIV қысқы Олимпиада ойындарында қысқа арақашықтықта (спринт) өнер көрсетіп, 25 орынға табан тіреген. Және жыл басында Италияның Турин қаласында өткен қысқы универсиада ойындарына да қатысып, жақсы көрсеткіш тіркеген.

Хоккейші Александр Борисевич пен Андрей Буяльский – қарағандылық «Saryarqa» хоккей клубының ойыншылары. Александр Сергеевич 2024-2025 маусымда клуб сапында 36 ойын өткізіп, 10 шайба салған. 23 голдық пас берген шабуылшы. Клуб сапында әр ойында үздік нәтиже көрсетіп жүрген тәжірибелі спортшы. Ал, Андрей Викторович осы маусымда бас-аяғы клуб сапында сегіз ойын өткізіпті. Десе де, қарсылас



қақпасына үш шайба салып, төрт голдық пас берген. Жас та болса, мергендігімен көзге түсіп жүрген спортшы. Биыл жерлесіміз қысқы универсиада ойындарына қатысқан. Ұлттық құрама сапында төрт ойын өткізіп, төрт шайба салыпты. Өрі сегіз голдық пас берген. Ұлттық құрама жаттықтырушысы жерлесімізге қысқы Азия ойындарында сенім артып отыр.

Айта кетейік, биыл қысқы Азия ойындарына 32 елден 1000-нан астам спортшы қатысады. Олар 64 медаль жиынытығын сарапқа салмақ. Және ойындар жеті спорт нысанында өтеді деп күтілуде.

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 706

№13 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРНАТ КЕПЕСБЕКҰЛЫ